

## 2022- 2023 оқу жылындағы жылдық тәрбие жұмысының талдамасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылды:

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

«Құрман орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылды. Тәрбие жұмысы 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің

Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Тәрбие жұмысының жоспары Тәрбие тұжырымдамасының 8 (сегіз) бағытын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жеті құндылығымен ұштастыра отырып жүзеге асырылды.

7 басты құндылығымыз:

1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.
7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Сонымен қатар «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген атаулы даталарды: Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы, Роза Бағланованың 100 жылдығы, Қазыбек бидің 355 жылдығы, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығы, Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы, сабақтан тыс қызмет шеңберінде «Отбасы-орта мектеп», «Оқуға құштар мектеп», «Ерте жастан экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Ұшқыр ой алаңы», мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы, «Дебат» қозғалысы, «Театр» сабақтары «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобаларды басшылыққа алып, еріктілер тобының жұмысын жалғасып, туған өлкенің қасиетті жерлеріне саяхаттарды жалғастыру.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде жасалған «Өркендеу» жобасы негізінде «Әкелер», «Аналар» жұмысын жалғастырылып, ұйымдастырылды.

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәметке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жүргізілді. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асты.

I. Тәрбиені нормативтік- құқықтық қамтамасыз ету

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

«Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) 2019-2024 жылдарға арналған Ақтөбе облысы білім бөлімінің 2019 жылғы 19 тамызындағы № 252 бұйрығы
- 12) «2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ
- 13) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.

### **Құрман орта мектебінің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:**

Оқушылардың тұлғалық құзыреттілігін арттыра отырып, өмірге икемделген, жан-жақты жетілген отансүйгіш тұлға тәрбиелеу 2022-2023 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды көздеді:

- оқушылардың Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру, өзін-өзі басқару, көшбасшылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын одан әрі жандандырып, қоғамдық жұмыстарда белсенді, өз бетінше ұйымдастырушылық қасиеттері жоғары оқушылар қатарын көбейту, оқушылардың ғылыми-шығармашылық жұмыстарының сапасын көтеру, нәтижеге жұмыс жасау.
- салауатты өмір салтын қолдайтын, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, көпмәдени тұлғаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жан-жақты жетілдіру;
- ата – аналардың мектеппен тығыз байланысын, ынтымақтастығын сақтай отырып, осы бағыттағы жұмыс түрлерін жаңаша ұйымдастыру;
- діннің өзге бағыттарына, құқықбұзушылыққа бейім оқушы санының артпауына аса назар аударып, оқушылармен психологиялық зерттеу жұмыстарын одан әрі жандандыру;
- тәрбие процесіне жаңа технологиялар мен әдістемелерді енгізуді жалғастыру (класс жетекшілерінің шығармашылық зертханаларын толықтыру, класс жетекшілерінің іс-тәжірибесін тарату, басылымдар шығару, класс ұжымының арасында өзін-өзі басқару жұмыстарын жалғастыру), тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырлатын іс-шаралар түрін жаңаша формаларда өткізу.

2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген бағыттар бойынша жұмыстарды, «Мәңгілік ел» құндылықтарымен ұштастыра отырып жұмыстану;

«Әкелер», «Аналар» қауымдастығы жұмыстарын дамыту.

Адамгершілік түсінік арқылы қоғамдық мораль және мінез-құлық нормаларын меңгерту;

Мектептегі қоғамдық негіздерді үйірме жұмыстарын дамыта отырып, оқушыларға әртүрлі көркемөнер әрекеттері түрімен тікелей таныстыру арқылы ондағы қажеттілікті қалыптастыру. Баланың таным қызығушылығын дамыту, бір жағдайда, ол оқыту процесіне жұмыс істесе, екінші жағдайда, балаға тәрбиелік ықпалын күшейту. Құқық қорғау органдарымен, қалалық аурухана қызметкерлерімен, СӨС насихаттау басқармасының қызметкерлерімен, ТЖ мекемелерімен және мемлекеттік емес мекемелермен байланыс орната отырып, денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік мақсаты: Класс жетекшілердің біліктілігін арттыру мақсатында курстардан өтуіне, семинарларға қатысуына, мамандардың қатысуымен дәрістер мен семинарларды ұйымдастыруына және іс-тәжірибелерді таратуға ықпал жасау;

Міндеттері:

Психология және педагогика мәселелері бойынша класс жетекшілердің теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейлерін көтеру.

Класс жетекшілердің тәжірибелерін жинақтау, бір-біріне көмек беріп, бірігіп оқып үйрену.

Оқушылардың әлеуметтенуі мен тәрбиеге деген бірдей принциптік жақындаудың орындалуын қамтамасыз ету.

Кешенді бағдарлама бойынша тәрбиенің барлық 8 бағыты қамтылып, оларға қосымша ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, ата-аналар кеңесі, «Жігер», «Қайсар» ұлдар, «Балауса», «Бойжеткен» қыздар клубтарының, "Наркобекет", "Тәртіп сақшылары" тобының, оқушылардың өзін-өзі басқару мақсатында Парламент, фракциялардың жұмысын, «Жас Ұлан» ұйымының, «Парасат» дебат клубының, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының т.б. және оқушыларға кәсіби бағдар беру, мамандыққа баулу жұмыстары әр түрлі бағытта жүргізіледі. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар мен іс-шаралар жүргізіліп келеді.

Әрбір бағыт бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары бекітіліп, өткізілген іс-шаралар жинақталып отырады, мектептің инстаграмм парақшасында жарияланады, яғни педагогикалық, ата-ана, оқушылар ұжымдары барлық керекті ақпараттарымен қамтамасыз етілді.

№	Бағыттары	Өткізілген іс – шаралар атауы
1	<p><b>Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық а тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</b></p>	<p>Қыркүйектің бірінші күні 2022-2023 оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл- күй , оң көзқарас қалыптастыру мақсатында салтанатты жиын, сонымен қатар білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін анықтау мақсатында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті.</p> <p>Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып табылатыны және олардың мемлекеттің қорғауында екені көрсетілген. Осыған орай мектеп оқушыларымен Ойыл аудандық полиция бөлімінің бастығының орынбасары полиция майоры Дархан Ғалымжанов «Жалпы құқықтық білім беру сабағын» өткізді.Кездесу барысында оқушыларға өз құқықтарын қорғау үшін заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы, сондай – ақ қай жастан қылмыстық жауапкершілік басталатыны, есірткі заттарын тұтынудың денсаулыққа тигізетін зияны туралы , сонымен қатар қылмыстың құрбаны болып қалмау және өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгіну қажет екені айтылды.</p> <p>5 қыркүйек – ҚР халықтарының тілдері күні мерекесіне аға тәлімгер Кубенова Ж «Өз тілінді құрметте» шығармашылық жұмыстар (5-6 класс), мектеп кітапханашысы Қалиева Қ «А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл» атты ақпараттық сағат (10 класс) ұйымдастырды.</p> <p>12-17 қыркүйек 2022 жыл аралығында мектепте «Қауіпсіз мектеп» акциясы ұйымдастырылды.</p> <p>25 қазан- Республика күні. Осы мерекеге орай мектепте 25 қазан – Республика күнін мерекелеу бойынша «Республикам менің!» атты іс- шара жоспарына сәйкес іс- шаралар ұйымдастырылды. Оқушыларды туған жерін , туған елін халқын ардақтап өтуге үйрету, бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру.</p> <p>1-11класс ер балаларымен Ойыл АПБ ЖПКБ УПИ көмекшісі полиция аға лейтенанты С:С Қалишев, Ойыл АПБ ЖПКБ УПИ полиция капитаны Н.А.Мукашев құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар нашақорлықтың алдын алу, денсаулыққа зиянды заттардан аулақ болуға шақыру мақсатында «Нашақорлық-қауіпті індет» тақырыбында дәріс оқыды.</p> <p>21 қазан күні аға тәлімгер Кубенова Ж оқушылардың интернетке қаншалықты тәуелділігін анықтау, таным белсенділігін арттыру,өз бетімен салыстыра білуге, өмірдегі кейбір жаман- жақсы қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу мақсатында 7-8 класс оқушыларымен «Интернетке тәуелділіктің алдын алу» сауалнамасын жүргізді. Сауалнамаға 32 оқушы қатысып,өз ойларымен бөлісті.</p> <p>Ойыл АПБ ЖПКБ Көптоғай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Д.Қ.Бисебаев 9-11 класс оқушыларына «Интернет алаяқтары» тақырыбында ақпарат беріп, сақтық шаралары туралы айтты.</p> <p>Класс жетекшілер білім беру ұйымдарына кіргізуге тыйым салынған және пайдалануға болмайтын заттардың тізімімен таныстыра отырып, зияны туралы айту мақсатында «Мектепке және оның аумағына әкелуге</p>

тыйым салынған, пайдалану үшін шектелген бұйымдар мен заттар тізбесі» атты апталық тәрбие сағаттарын өткізді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Көптоғай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Д.Қ.Бисебаев 1-11 класс оқушыларымен кездесіп, мектептің ішкі тәртіп ережесінің орындалуы, мезгілсіз уақытта заңды өкілсіз жүрмеу, қауіпсіздік ережелерін ұстану туралы тағы да сөйлесіп, ақпараттар берді.

1-11 класс ер балаларымен ойыл АПБ ЖПКБ УПИ көмекшісі полиция аға лейтенанты С.С.Қалишев, Ойыл АПБ ЖПКБ УПИ полиция капитаны Н.А.Мукашев құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

20 қараша-Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы» атты апталық, 2022 жылғы 7-18 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанына байланысты іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларды қатыгездікпен және немқұрайлылықпен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру.

«Түнгі ауылдағы балалар» рейдтік шара бойынша ешқандай кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық тіркелмеді.

Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарын қоланудың алдын алу мақсатында класс жетекшілер «Нашақорлық-қоғам дерті», «Өз өмірің өз қолыңда», «Біз бақытты өмірді таңдаймыз!», «Мен өмірді сүйемін», «Өмір, қымбатсың маған» атты тәрбие сағаттарын өткізді.

Ойыл ауданының білім бөлімінің Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 2023 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес әр айдың 1 дүйсенбісі «Әдептілік күні», 2 дүйсенбісі «Достық күні», 3 дүйсенбісі «Қамқорлық күні», 4 дүйсенбісі «Денсаулық күні» атаулы күндері ұйымдастырылды.

6-7 класс ер балаларымен «Тәртіпке иген құл болмайды» тақырыбында учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Бисебаевпен кездесу өткізді. Шара барысында оқушыларға жалпыға ортақ нормалар мен әдеп ережелері, құқықбұзушылықтың түрлері, түсіндірілді.

Ойыл АПБ ЖПКБ Көптоғай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы аға лейтенанты Д.Бисебаев 9-11 класс оқушыларына «Интернет алаяқтары» тақырыбында ақпарат беріп, сақтық шаралары туралы айтты.

5-11 класс оқушыларымен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың және буллинг, кибербуллингтің алдын алу, болдырмау мақсатында түсінік жұмысы жүргізілді. Шараға учаскелік полиция инспекторы қатысты.

Учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев, ТІЖО Б.Аманбаева, педагог-психолог Ш.Тайборина «Тәртіпке бағынған құл болмайды» тақырыбында 6-7 класс ер балаларымен танымдық шара өткізді.

Ой Соңғы уақытта өзге адамның әлеуметтік желідегі жалған аккаунтын пайдаланып қаржылай көмек сұрайтын т.б алаяқтардың әрекеті көбейіп кетті. Осы бағытта учаскелік полиция инспекторы Д.Қ. Бисебаев 5-11 класс оқушыларына «Интернет алаяқтары» туралы ақпарат берді. ыл аудандық полиция бөлімінің орынбасары

		полиция подполковнигі А.Даулетов 10-11 класс оқушыларымен кездесіп, ішкі істер органдарының жоғарғы оқу орындарына түсуге үгіт- насихат жұмыстарын жүргізді.
2	<b>Рухани-танымдық тәрбие</b>	<p>Оқушыларға өмірде, ата- анаға , досқа адал бола білуге баули отырып, әр адамның адал ісі мен адамдығы көрінетін қасиеттерге баулу мақсатында АӘТД пәні мұғалімі Сатығалиев Б «Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді» тақырыбында пікірлесу сабағын өткізді. Мектеп кітапханашысы Қалиева Қ «Адалдық сағатын» 7 класс оқушыларымен «Әдептілік- тәрбие бастауы» тақырыбында дөңгелек үстел түрінде өткізді. Адал, әдепті адам – қоғамдағы ең сүйікті жан екені айтылып,оқушылар бір- біріне жақсы тілектерін арнады.</p> <p>Класс жетекшілер дін туралы мағлұмат беру,діни экстремизмнің алдын алу,қазақ қоғамын жайлап бара жатқантүрлі діни ағымдардан сақтандыру. Елжандылыққа, имандылыққа, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Дін және заманауи қоғам» атты тәрбие сағаттарын өткізді.</p> <p>АӘТД пәні мұғалімі Б.Сатығалиев Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай аулымыздағы Ауған соғысының ардагері Мүсіров Сырым Хамитұлымен « Ауғанның асуында от кешкендер» атты кездесуді 9-10-11класс ер балаларымен өткізді.</p> <p>Ойыл аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Наурызова ,Ойыл аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Ж.Базарова, психологі А.Майлыбаева 6-11 класс оқушылары және педагогикалық ұжыммен кездесіп, «Буллинг дегеніміз не?», «Жастардың репродуктивті денсаулығы», «Жыныстық жетілу және тазалық гигиенасы» тақырыптарында түсінік жұмыстарын жүргізді.</p> <p>Жыл сайын елімізде жас өспірімдердің электр тоғынан зардап шегулеріне байланысты қайғылы оқиғалар орын алуда. Ата-аналар балаларынан айырылып,немесе балаларының мүгедек болғандарын көріп жандары киналуда. Соңғы жылдары тоққа түскен балалардың екі қолынан айырылып,денелерін күйік шалып,бет-бейнелері күйіп жатқанын теледидардан көптеп көрудеміз. Мектептің бастауыш класс оқушыларына ТІЖО Аманбаева электр қауіпсіздігінің қарапайым ережелері бойынша «Электр тоғы ойыншық емес», жоғарғы кластар үшін «Электр қауіпсіздігі» тақырыптарында танымдық шара өткізді</p> <p>8 класта класс жетекшісі А.Ананьева «Діни сауаттылық- жарқын болашақ» атты ашық тәрбие сағатын өткізді.</p> <p>«Адалдық сағаты» жоспарына сәйкес «Сахна таланттары» үйірмесінің мүшелері «Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет» атты театрлық қойылым (көрініс) қойды</p> <p>Балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесін шешуге, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға деген ұмтылысты қалыптастыру мақсатында «Менің сыныбым буллинге қарсы»тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.</p>
3	<b>Ұлттық тәрбие</b>	<p>Қазіргі заман қыз бала тәрбиесііне ерекше мән беруді қажет етеді. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта сол әдебін сақтамақ.Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу- бүгінгі мектептің, қоғамның және ата- ананың негізгі міндеті. Осы міндет негізінде 5-7 класс қыз балаларымен жиналыс өтті. Күн тәртібінде «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» атты баяндама (ТІЖО Аманбаева Б) оқылып, «Тазалық- денсаулық кепілі» жеке бас тазалығының ережелері (мектеп медбикесі Құрманова Ә) айтылды.</p> <p>2022жылдың 4-14 қазан аралығында Халықаралық қыздар күніне байланысты «Қыз тәрбиесі» атты</p>

		<p>онкүндік ұйымдастырылды.Мақсаты: қоғамда қыз баланың ерекше орнын атап өту,қыздар арасында кездесетін мәселелердің шешу жолдарын табу,сондай- ақ олардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту.</p> <p>Мектеп кітапханашысы Қалиева Қ оқушыларды білімділікке үйрету, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру,тіл байлықтарын одан әрі жетілдіру, жалпы көркем әдебиетті оқуға ынталандыру мақсатында «Ғажайып әдебиеттер» атты 4-10 класс оқушылары арасында сайыс өткізді.</p> <p>Қазақ халқының біртуар азаматы, халық батыры, дарынды қолбасшы, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 112 жыл толуына орай тарих пәні мұғалімі Қистаубаева А 10-11 кластар арасында «Дәуірдің жұлдызды тұлғасы- Б.Момышұлы» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырды. .</p> <p>Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу- тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу- елді, халықты, тарихты,әдет-ғұрыпты, салт- дәстүрді қастерлеу. Класс жетекшілер оқушыларға өз елі, Отаны, рәміздері туралы түсінік бере отырып,отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?», «Мемлекеттік рәміздер не үшін қажет?» атты сауалнамалар алып, қорытындысын жасақтады.</p> <p>12-15 желтоқсан аралығында 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша «Тәуелсіздік –орындалған арман» атты іс-шара жоспары бойынша төмендегідей шаралар ұйымдастырылды.</p> <p>«Парасат» дебат клубының жоспарына сәйкес клуб жетекшісі Г.Мединаева жетекшілігімен 9-10 класс оқушылары арасында «Ұлттық құндылықтарды ұлықтайық!» тақырыбында пікірсайыс өтті</p> <p>1-11 класс оқушыларымен «Ер азамат атына лайық бол!» тақырыбында тәрбие сағаттары, сайыс, «Менің әкем» атты кездесу өтті.</p> <p>22 наурыз- Ұлыстың ұлы күніне арналған «Наурызым-нақыл жыр» атты іс-шара кең көлемде ұйымдастырылды.</p> <p>8 класта салт- дәстүрімізді, ұлттық киімдерімізді дәріштеп, оқушылардың өз халқына ,ұлтына, тіған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, құрметтеуге тірбиелеу мақсатында «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты тәрбие сағаты өтті.</p> <p>31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.Осы күнге орай тарих пәні мұғалімі Е.Бақтияров «Қуғын-сүргін құрбандары» атты танымдық шара өткізді.</p>
4	<b>Отбасылық тәрбие</b>	<p>Ойыл аудандық білім бөлімінің Отбасы күнін мерекелеуге байланысты өткізілетін іс- шаралар жоспары негізінде Құрман орта мектебінде 5-9 қыркүйек 2022 жыл аралығында «Бақытты отбасы – бақытты ел» атты іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Мақсаты: Қазақстанда отбасы институтын нығайту,отбасының беделін көтеру, неке мен отбасының</p> <p>ұлттық құндылықтарын насихаттау, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ету, қалыптасқан ұлттық дәстүрдегі қазақстандық отбасының үлгісін насихаттау.</p> <p>Педагог-психолог Ш. Тайборина ата- ананың және педагогикалық ұжымның бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін мейлінше арттыру,ата- анамен бірлесе отырып,бала тәрбиесіне байланысты мәселелерге көңіл аудару, жан- жақты дамыған тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Бақыт мекені- отбасы» тақырыбында ата-аналар және педагогикалық ұжыммен тренинг өткізді.</p>



		15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне арналған «Отбасы бақыты» атты іс-шара
5	<b>Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>	<p>«Еңбек-елдің мұраты» жобасы аясында сынып жетекшілер «25 қыркүйек – Еңбек күні» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге қызығушылықтарын арттыруға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Сонымен қатар жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге, көшеде дұрыс жүріп, сақтыққа тәрбиелеу және өз беттерінше әрекет етуге дағдыландыру, ауыл көшелерінде орнатылған жол белгілерін таныстыру мақсатында «Көше тәртібі- өмір сүру тәртібі» тақырыбында да тәрбие сағаттары өтті.</p> <p>Қарттар – біздің асыл қазынамыз.«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп үлкендерін қадірлейтін қазақ халқы үшін бұл күн қамқорлық пен құрметтің тоғысқан күні екенін сезіну, үлкенді құрметтеу, қарттарға қамқор болу, олардың өнегелі өсиеттерін дәріптеу мақсатында мектепте іс- шаралар ұйымдастырылды.</p> <p>1 наурыз-Алғыс айту күніне орай «Шын жүректен алғыс айтамын» іс-шарасы өтті.</p> <p>Табиғатты аялауға, мектеп айналасын көгалдандыруға үлес қосу, оқушыларды еңбексүйгіштікке шақыру мақсатында 7 класс оқушылары «5 ағаш» челленджін өткізді.</p> <p>Экологиялық мәдениетті, өлке табиғаты мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды, еңбекқорлықты, қоршаған ортаны көгалдандыруды дамытуға бағытталған «Жасыл мекен» республикалық челленджі өтті.</p>
6	<b>Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие</b>	<p>Жыл сайын дәстүрлі қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күніне байланысты 30 қыркүйек - 5 қазан 2022 жыл аралығында Құрман орта мектебінде «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» атты мерекелік іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Мақсаты: ұстаздар күнінде оқушыларға ұстаздықтың қиын да қажырлы еңбек екенін білдіріп, ұстаздарды қадірлеп құрметтеуге, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін мектепшілік «Алтын күз» тақырыбында өтетін апталық жоспары бекітіліп, апталық линейкада таныстырылды. Көркем еңбек пәні мұғалімі Мүсіров Әнуарбек бастауыш кластар аралығында «Күзгі қиял» мектепшілік сурет көрмесі, гербарий, түрлі түсті қағаздардан мозайка жасау жұмыстарын ұйымдастырып, озық шыққан оқушылардың жұмыстары марапаттады. Сонымен қатар Мусаева А., Мүсіров Ә «Күз кереметі-2022» жеміс-жидектер мен көкөністерден, табиғи экспонаттардан бұйымдар жасау шарасын 5-8 кластар арасында ұйымдастырды. Оқушылар көптеп ат салысып, тамаша өнер туындыларын тарту етті. Жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Өзін-өзі басқару ұйымының «Мәдениет және өнер» фракциясының жетекшісі 11 класс оқушысы Сисенова Ә өткізген «Күз назы» күзгі балға оқушылар белсене ат салысты, вальс билеп, тамаша өнер көрсетті, қызықты ойындар ойнады.</p> <p>Мектепте 2022-2023 оқу жылында күзгі каникул кезіндегі балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша «Күзгі серуен, күзгі демалыс, күзгі ғажап!» атты іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Бұл шараның негізгі бағыты- Дүниежүзілік бала күніне арналған тұжырымдама негізінде ұйымдастырылды. Іс-шаралар Дүниежүзілік бала күні аясында құқықтық ақпараттандыруға, шығармашылық, интеллектуалдық дамуын жүзеге асуына, кәсіби бағдар, ұлттық құндылықтар, өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасылар мен балаларды қолдауға бағытталды.</p> <p>Қыз балаларды әдептілікке, сыпайылшылыққа, инабаттылыққа, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу мақсатында 8-11 класс қыз балаларымен «Қыздар сұлу көрінер қылығымен...» атты дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырушылар: «Парасат» аналар-әжелер мектебі, «Бойжеткен» қыздар клубының жетекшісі Қ.Зейноллаева.</p> <p>8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Әйел-ана, әйел-гүл, әйел-ару» атты іс-шара өтті.</p>

		<p>«1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні» іс-шара  9 класс оқушылары, жетекшісі М.Сүндетова мектептегі қыздарға сыртқы келбетті жақсарту және мектеп формасын қатаң сақтау мақсатында «Көркем шаш үлгісі» челленджін ұйымдастырды.</p> <p>«7 мамыр- Отан қорғаушылар күні» мен «Ерлік- ұрпаққа мұра» атты 9 мамыр – жеңіс күніне арналған іс-шаралар 11 класс жетекшісі Г.Тлеубаева «Сәт сапар, ХХІ ғасыр түлегі» атты ата-аналармен бірлескен қоштасу тәрбие сағатын өткізді.</p> <p>«Аттандық бала шақтан, болашаққа» атты бастауышпен қоштасу кешінде 4 класс оқушылары алғашқы ұстаздарымен қоштасты. 1 маусым- Халықаралық балаларды қорғау күніне мерекелік шара өтті. 1,4,9,11 сынып оқушылары үшін «Соңғы қоңырау» салтанатты шарасы өтті.</p> <p>Озаттар мен дарынды оқушыларға арналған шеру.</p> <p>1 маусым- Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балалық шақ әлемі қандай ғажап» атты флештоб ұйымдастырылды. мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, балалар шығармашылығын дәріптеу.</p>
7	<b>Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу</b>	<p>Дебат клубының мүшелері «Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс турнирін өткізді. Мектеп кітапханасында «Шерхан Мұртаза-90» жыл кітап көрмесі жасақталды.</p> <p>«Қауіпсіз интернет» іс-шара жоспарына сәйкес «Интернет және біз» тақырыбында плакаттар және сурет байқауын 1-11 кластар арасында информатика пәні мұғалімі Еламанов Ө және «Ақпарат» фракциясының жетекшісі Сағынов Е ұйымдастырды. Жеңімпаздар марапатталды.</p> <p>27 наурыз- Дүниежүзілік театр күніне орай оқушыларды театр өнері мен өмірінен хабардар етіп, театр мәдениетіне құрметпен қарауға, актерлік мамандықтың қыр-сырын үйретуге қалыптастыру мақсатында «Театр - өнер айнасы» танымдық шара өтті.</p> <p>Мектеп кітапханашысы Қалиева Қ «Каникулда кітап оқимыз» республикалық марафон аясында «Кітап-ақылды қуаттандыратын құрал» атты кітап көрмесін жасақтады</p> <p>25 қараша- Құндылықтар күніне орай класс жетекшілер «Адам өміріндегі құндылықтар», «Отбасылық құндылықтар», «Мәңгілік жалпыадаматтық құндылықтар» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді.</p> <p>Оқушыларға интернет желісін дұрыс пайдалану жолдары, зияны мен пайдасы туралы түсінік беру мақсатында А.Бердембаева 5-6 сынып оқушыларымен «Интернет желісіндегі қауіпсіздік ережесі» тақырыбында танымдық сабақ өткізді.</p> <p>Мектеп кітапханашысы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысы «Отбасымен бірге оқиық» шарасын баланы терең ой мен саналы жетілдіруде кітаптың орнын жетілдіру мақсатында және М.Мақатаевтың кітаптарынан көрме ұйымдастырды.</p> <p>Мектеп кітапханасында «Оқу марафоны» акциясы аясында жоғары сынып оқушыларымен жазушы, драматург Т.Ахтановтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Т.Ахтанов 100 жаста» атты әдеби сағаты өтті.</p> <p>12 сәуір- Ғарышкерлер күні. Осы датаға байланысты класс жетекшілер «Ғарыш әлемі», «Біз ғарыш туралы не білеміз?» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді.</p>

		<p>Білім алушылардың зияткерлік қабілетін дамыту мақсатында шахматтан челлендж өтті.</p> <p>9 класта сынып «Мамандық таңдау- маңызды шешім» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандығын таңдауға бағыт беру,мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп,қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>ҚР Премьер- Министрі Ә.А.Смайыловтың (2023 жылғы 27 сәуірдегі №111/Б-272лп) тапсырмасына сәйкес 2023 жылдың 18 мамыр күні білім беру ұйымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша оқу- жаттығуы білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық шеңберінде бекітілген алгоритмдер негізінде өтті</p> <p>«Алаяқтыққа қарсы күрес» жоспары бойынша «Телефон алаяқтарының құпиясын қалай жария етеуге болады, алдаудың үш тәсілі» бойынша жадынамалар таратылды.</p> <p>«Менің мектебім буллингке қарсы» атты жалпы республикалық флешмоб ұйымдастырылды</p> <p>«Өрт қауіпсіздігі» мен «Су қауіпсіздігі» апталығына байланысты «Өрт жағдайында балалардың мінез-құлық ережелері» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.</p>
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	<p>Құрман орта мектебінің командасы: Орынбасарова Айша – Бибі,Смағұл Амангүл,Асқарқызы Мүслима, Айсина Әмина,Мәтжан Айзере,Шаймерденова Айшолпан 2022 жыл- «Бала жылына» орай 2010-2011ж.т.қыздар арасында волейболдан Аманкелді орта мектебінде өткізілген аудан біріншілігінде ІІІ орынды иеленді. 6 класс оқушысы Смағұл Амангүл 2022 жыл- «Бала жылына» орай 2010-2011ж.т.қыздар арасында волейболдан Аманкелді орта мектебінде өткізілген аудан біріншілігінде «Үздік шабуылшы» атағын жеңіп алды. 7 қазан 2022 жыл</p> <p>16 қазан – Дұрыс тамақтану күні. Осы датаға байланысты мектеп медбикесі Құрманова Ә «Дұрыс тамақтану-денсаулықтың кепілі» іс-шарасын ұйымдастырды.</p> <p>СПИД адамзат алдында тұрған жаңа және қиын мәселе, ол тек медициналық қана емес, әлеуметтік мәселе. Құрман орта мектебінде 28 қараша-1 желтоқсан аралығында«ЖҚТБ – ХХІ ғасыр дерті» атты мектепшілік апталық ұйымдастырылды.</p> <p>Мектеп медбикесі Ә.Құрманова «Туберкулездің алдын алу» атты шара ұйымдастырып, түсінік жұмыстарын жүргізді, жадынамалар таратты.</p>

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Биылғы оқу жылында:

- «Оқуға құштар мектеп»,
- «Балалар және театр» ағартушылық жобасы,
- «Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасы,
- «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени- білім беру жобасы,
- «Еңбек – елдің мұраты»,
- «Үнем – қоғам қуаты»,
- «Дәстүр мен ғұрып»,
- «Экологиялық мәдениет»,
- «Құқықтық сана- қоғамға пана» ,
- «Мектептің өзін-өзі басқаруы» ұйымы бойынша тәрбиелік шаралар өтті.

## Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер:

«Білім алушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатында іс-шаралардың жүргізілуі» №3.09.01.2023жыл

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» сыбайлас жемқорлыққа тәуекелді болдырмау бағыты бойынша атқарылған жұмыстар. №5.24.03.2023жыл

### Жалпы ата-аналар жиналысы:

**№ 1.** «Отбасы және құқық» тақырыбында өткен жалпы ата-аналар жиналысында қаралған мәселелер: 1.Өткен оқу жылының қорытындысы, жаңа 2022-2023 оқу жылының міндеттері 2.«Отбасы және құқық» дәріс. 3.Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау. 10.09.2022 жыл

**№ 2.** Қазіргі таңда елімізде балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынуда.Сол себепті бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн. ТІЖО Аманбаева Б, педагог- психолог Тайборина Ш «Балалардың қауіпсіздігі- ортақ міндет» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. Мақсаты: балаларының өмірі мен денсаулығы, сондай-ақ қауіпсіздігі үшін жауапты екендерін түсіндіру, еске салу. Жиналысқа мектеп директоры, ата-аналар кеңесінің төрағасы, селолық учаске инспекторы қатысты. Күн тәртібінде қаралаған мәселелер: 1.«Жасөспірімдердің мінез-құлқында кездесетін өз-өзіне қол жұмсауға психологиялық көзқарастар және оның алдын алу» баяндама. 2. «Жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу» 3.«Балаларға қатыгедікпен қараудың және құқықбұзушылықтың алдын алу». Көптоғай селолық учаске инспекторы, полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев.Сонымен қатар ата-аналарға жадынамалар таратылды. 16.09.2022 жыл

**№ 3.** «Ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» тақырыбында кезекті жалпы ана-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде: 1. «Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері және физиологиялық жетілуі» баяндама.(профилактика).Педагог-психолог Ш.Тайборина. 2. «Жыныстық қатынастың ерте басталуы» дәріс, ақпарат беру. Ауылдық амбулатория акушері З.Ерсайынқызы. Жиналыс барысында үйірме мүшелері «Алғыс айту» күнімен құттықтап, өнерлерін көрсетті.

**№4. Тақырыбы:** «Білімді ұрпақ- болашағымыз». Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1. «Білімді ұрпақ- болашағымыз» 2022-2023 оқу жылының қорытындысы. ОІЖО Нұрмағанбетова М. 2. «Жазғы каникул уақытындағы балалардың өмірі мен бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы ата-ананың ролі». Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары М.Омарова. 3.Емтхан мәселелері. ОІЖО Нұрмағанбетова. №4. Ата-аналар кеңесінің жұмысының есебі. Ата-аналар кеңесінің төрағасы Н.Аманбаев. 5. «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру».ТІЖО Аманбаева Б. 05.2023 жыл

## **Кластарда өткен ата-аналар жиналыстары:**

**I тоқсан бойынша** барлық кластарда класс жетекшілер жыл басында ата-аналар комитетін сайлау, жұмыс жоспарымен таныстыру, мектеп формасын сақтау, мектеп ережесімен таныстыру, алдағы атқарылатын жұмыстар туралы ұсыныс, пікірлесу мақсатында «Ата-ана және мектеп», «Ата-ананы құрметтеу-әрбір адамның қасиетті борышы», «Баланың отбасындағы ролі», «Отбасы-тәрбие бастауы» тақырыптарында, I тоқсан соңында «Ата-ана біздің мақтанышымыз», «Мен және менің отбасым», «Ата-ана және ұстаз», «Үштік одақ ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым – қатынасты жақсарту», «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Ата-ана, мектеп ынтымақтастығы», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі және мектеппен байланысы» тақырыптарында өткен ата-аналар жиналысында тоқсан қорытындысы айтылып, сауалнамалар алынып, жеке пікірлесу, сұхбат, күнделік kz туралы ақпараттар берілді.

**II тоқсан бойынша** кластардағы ата-аналар жиналыстары «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі», «Ата-ана және ұстаз», «Ата-ана, мектеп ынтымақтастығы», «Тәрбие – тал бесік» тақырыптарында ұйымдастырылды.

**III тоқсан бойынша** барлық кластарда III тоқсан қорытындысы айтылды. «Жақсы бала-ата-анаға көз қуаныш», «Бала-өмірдің ажары», «Тәрбие мен білім егіз» тақырыптарында кластардың ата-аналарымен жиналыстар өтті. 8 класта ауылдық амбулатория акушері З.Ерсайынқызы «Жастар денсаулығы» тақырыбында баяндама оқыды. 6 класта педагог-психолог Ш.Тайборина «Келеңсіз оқиғалардың алдын алу» бойынша тренинг өткізді. Каникул кезіндегі қауіпсіздіктер, келеңсіз оқиғалардың алдын алу туралы ескертпелер айтылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

**IV тоқсан бойынша** барлық кластарда IV тоқсан қорытындысы айтылып, қауіпсіздік шаралары ескертілді. Ата-аналармен «Жасөспірімдерді кибербуллингтен сақтау және кибербуллинг факттері туралы» ақпараттық – түсіндіру жұмысы жүргізілді. 5 класта сынып жетекшісі А.Мусаева «Тәрбие мен білім егіз» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. 1 сынып жетекшісі Р.Ниязова «Біріншіні бітірдік» сабағын және «Қауіпсіз каникул» ата-аналар жиналысын өткізді. 3 класта класс жетекшісі Ә.Мысағалиева «Қауіпсіз жазғы каникул» атты қорытынды сабақ және ата-аналар жиналысын өткізді.

Ақтөбе облысының білім басқармасы 2023 жылғы 30 мамыр күні «Қоғам. Тұлға. Отбасы» тақырыбында облыстық ата-аналар форумына мектептің ата-аналар кеңесінің төрағасы Аманбаев Нұрдәулет Отарұлы қатысты.

## **Класс жетекшілер отырысында қаралған мәселелер:**

**№1** Өткен 2021-2022 оқу жылының қорытындысы мен талдауы айтылып, класс жетекшілерді тағайындау бұйрығымен таныстырылды. Ағымдағы жаңа 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары, ашық тәрбие сағаттарының кестесі бекітілді. Жас сынып жетекшілерге тәлімгер тағайындалды.

**№2** I тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы. Ата-аналар жиналысын дайындау және өткізу технологиясы. Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу- әлеуметтік педагогикалық проблема.

**№3** II тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы. Мектепшілік клуб, үйірме жұмысының сапасы. «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының жұмысы.

**№4** III тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы. Сынып жетекшінің ата-анамен байланыс жүйесі. Ата-аналармен байланыс дәптері. Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шараларын ұйымдастыру- өмір талабы. Білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін ұйымдастырудағы сынып жетекшісінің жұмыс жүйесі.

**№5** ӘБ жұмысының жылдық есебі.

### **Жазғы кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру**

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына танып білу, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін артыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды.

Осы мақсатта Құрман орта мектебінде «ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңы өз жұмысын бастады. Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді.

Лагерьде 5-9.06.2023ж аралығында I ауысым бойынша 35 бала қамтылып, лагерьдің жұмыс регламенті, жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

12-16.06.2023 ж аралығында «ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңының II ауысымы өз жұмысын ұйымдастырды. Бұл ауысымда да 35 бала қамтылды.

26.06-03.07.2023 ж аралығында «ЖАЗ.BALA.FEST» аз қамтылған арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы дәруменді тамақпен қамтылған лагерь ұйымдастырылып, оған 30 бала қамтылды. Мақсаты: балалардың бос уақытын тиімді пайдалануына тиімді жағдай жасау. Шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру.

«ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңы – 70 бала

«ЖАЗ.BALA.FEST» аз қамтылған арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы дәруменді тамақпен қамтылған лагерь – 30 бала

Қала сыртындағы «Көкжар- Бәйтерек» демалыс лагері - 10 бала.

«Күншуақ» облыстық демалыс лагері – 2 бала

Халықты қолдау қорынан – «Шұғыла» демалыс лагеріне - 6 бала

«Балдәурен Қонаев» республикалық оқу- сауықтыру орталығы – 1 бала

-1 бала

### Үйірменің үйретері көп.

Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат- ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілетті дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу- ұстаз парызы.

### Білім алушылардың қосымша білім беру ұйымымен қамтылуы

жылдар	үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
2020-2021 оқу жылы	1	36	«Үстел теннисі»	Асылханов Қанат
	2	36	Еркін күрес	Қуандықов Тілекжан
	Барлығы: 2	Барлығы: 72 оқушы		

<b>2021-2022 оқу жылы</b>	1	36	«Үстел теннисі»	Асылханов Қанат
	2	34	күрес	Қуандықов Тілекжан
	Барлығы: 2	Барлығы: 70 оқушы		
<b>2022-2023 оқу жылы</b>	1	38	күрес	Қуандықов Тілекжан
	Барлығы: 1	Барлығы: 38 оқушы		

### Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы

жылдар	үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
<b>2020-2021 оқу жылы</b>	1	15	Терме(ақылы)	Қожасаев Серік
	2	15	Эстрада(ақылы)	Құттығаев Мұратбек
	3	15	Мәнерлеп өлең оқу (ақылы)	Аманғалиева Ақмарал
	4	16	«Кітап- тарих,шежіре» (ақылы)	Қалиева Қарылға
	5	30	«Домбыра - дастан» (ақылы)	Кубенова Жанар
	6	20	футбол	Асылбаев Ержан
	7	12	Баскетбол	Нұрқасов Артек
	8	20	Жеңіл атлетика	Идиятов Асылбек
	9	26	Волейбол	Асылбек Идиятов
	10	25	«Ұлттық ойындар»	Ержан Асылбаев
	11	25	«Шахмат»	Артек Нұрқасов
		<b>Барлығы:11</b>	<b>Барлығы: 219 оқушы</b>	
<b>2021-2022 оқу жылы</b>	1	16	Терме (ақылы)	Серік Қожасаев
	2	20	Эстрада (ақылы)	Кубенова Жанар
	3	15	«Кітап- тарих,шежіре» (ақылы)	Қалиева Қарылға
	4	20	«Парасат» дебат (ақылы)	Мединаева Гүлнар
	5	25	«Театр- бала өмірінде» драма (ақылы)	Ниязова Лазат
	6	25	«Баскетбол» 5-11 кл	Артек Нұрқасов
	7	24	«Жеңіл атлетика»	Асылбек Идиятов



	8	25	«Футбол» 6-8 кл	Ержан Асылбаев
	9	26	Волейбол	Асылбек Идиятов
	10	25	«Ұлттық ойындар»	Ержан Асылбаев
	11	25	«Шахмат»	Артек Нұрқасов
	12	25	«Жас физик» (ақылы)	Кубаев Медеу
	<b>Барлығы: 12</b>	<b>Барлығы: 271 оқушы</b>		
<b>2022-2023 оқу жылы</b>	1	22	Терме (ақылы)	Серік Қожасаев
	2	24	Эстрада (ақылы)	Кубенова Жанар
	3	25	«Кітап- тарих, шежіре» (ақылы)	Қалиева Қарылға
	4	20	«Парасат» дебат (ақылы)	Мединаева Гүлнар
	5	26	«Театр- бала өмірінде» драма (ақылы)	Аманғалиева Ақмарал
	6	25	Волейбол (ақылы)	Асылбек Идиятов
	7	25	«Жас физик» (ақылы)	Кубаев Медеу
	8	20	«Ақ қауырсын»	Ниязова Лазат
	9	12	«Баскетбол» 5-11 кл	Артек Нұрқасов
	10	25	«Жеңіл атлетика»	Асылбек Идиятов
	11	20	«Футбол» 6-8 кл	Ержан Асылбаев
	<b>Барлығы: 11</b>	<b>Барлығы: 244 оқушы</b>		

## Сынып жетекшілер бірлестігі.

Мектептегі сынып жетекшілер сынып ұжымындағы әр алуан тәрбиелеудің түрлері арқылы мектеп пен бала арасындағы қарым – қатынасты ұйымдастырып, әр оқушының жеке өзіндік ерекшелігін көрсете білуіне жағдай жасап, өз қызметін оқу – тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесінде жүзеге асырып отыр, яғни өз ісінің шебері. Себебі 11 класс жетекшісінің көбі педагогикалық өтілі 10 жылдан асқан, жоғары, бірінші санатты, 4- еуі класс жетекшілер мектебін бітірген, біліктілігін көтерген, сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагогтар

### 2022-2023 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

Барлығы	педагогикалық өтілі					біліктілік санаты			
	жоқ	1-3 ж	3-5ж	5-10 ж	10 – нан жоғары	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	жоқ
11	-	2	-		9	-	6	1	4

### 2022-2023 оқу жылы бойынша класс жетекшілердің семинарларға қатысу, біліктілігін көтеру кестесі

№	Аты-жөні	Семинардың тақырыбы	уақыты	Өткен орны
1	Ниязова Рима 4 класс жетекшісі	«Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие жағдайында класс сағаты мен сыныптан тыс шараларды дайындау және өткізу» тақырыбында облыстық семинар, онлайн форматта. Zoom	04.11 2021 жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
2	Мединаева Гүлнар	«Ата- аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында облыстық семинар, онлайн форматта. Zoom	28.01 2022 жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
3	Ананьева Алена	«Ата- аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында облыстық семинар, онлайн форматта. Zoom	28.01 2022 жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
4	Жақсыбаева Алиса	«Мектеп пен ата – аналар клубының өзара қарым – қатынасын жақсартудағы тиімді әдістері»	25 март 2022 жыл,.	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
5	Тлеубаева Гүлайым	«Бір сабақ. Бір мақсат. Нәтиже» (кіріктірілген сабақ) тақырыбында педагогтарға арналған аудындық семинар - практикум	22 сәуір 2022жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының жоспарына сәйкес

## **Туған жерге тағзым**

Туған жерге тағзым, кіндік қаны тамған топырақты қастерлеу қазақ халқының жалғасқан салты. Ол- ұлттық санамыздағы аса қастерлі ұғым. Елжандылықтың тамыры кіндік қаны тамған жерді, өскен өлкені сүю, оған құрмет таныта білу. Осы орайда мектеп түлектерінің алтын ұя мектебіне демеушілік танытуы қуанарлық жағдай.

1980 туылған мектеп түлектері – құны 100 000 теңге, спорттық құрал- жабдықтар

1994 жылы туылған мектеп түлектері – құны 80 000 теңге, спорттық футболкалар

1975жылы туылған мектеп түлектері - құны 75 000 теңге, диван, кресло

1985 жылы туылған мектеп түлектері – құны 250 000 теңге , проектор, кілем

### **Нәтиже:**

Мектеп оқушылары Қазақстанда тұратын ұлттардың салт-дәстүр,әдет-ғұрып, мәдениеті,тарихымен танысты.Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастырып, экономикалық ойлауы және экологиялық мәдениеті дамыды. Оқушылар салауатты өмір салтын сақтау ережелері мен дағдыларымен танысып, бос уақыттарын тиімді пайдалана білді. Оқушыларымыз өнер, спорттық, т.б сайыстарда жүлделі орындарды иеленді.

**Қорытынды:** 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша бірнеше бағыттағы түрлі жұмыстар жүргізілді. Жалпы оқушылар, ата-аналар және мектеп ұжымы жақсы байланыспен келесі істерді келешек үшін аянбай атқара алды.

Мектеп ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады. Ендеше біздің ұжымдағы ұстаз қауымының үздіксіз білім мен тәрбие берудегі шығармашылық табысқа жетудегі алар биіктері мол болмақ.

1. Барлық жоспарланған іс-шаралар өткізілді.
2. Оқушылар және ата- аналармен ақпараттық сауаттандыру жұмыстары жүргізілді.

